

Кеден баждары мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын депозитке енгізу және оларды қайтару тәртібі туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 9 желтоқсан N 1505. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 401 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған бұйрықтарының тізбесі

23. "Кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету сомаларын депозитке енгізу және қайтарып беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің" 1999 жылғы 9 желтоқсандағы N 1505 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 15 желтоқсанда N 1000 болып тіркелген).

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z952368_ 138-бабына сәйкес Бұйырамын:

1. Кеден баждары мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын депозитке енгізу және қайтару тәртібі туралы ұсынылған Нұсқаулық бекітілсін.

2. Мемлекеттік кіріс министрлігінің заң департаменті (А.Базарбаев) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік Кіріс министрлігі Кеден комитетінің Төрағасы М.О.Нүкеновке
ж ү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік кіріс министрінің
1999 ж. 9 желтоқсан N 1505

бұйрығымен бекітілді.

**Кеден баждары мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету
сомаларын депозитке енгізу және қайтару тәртібі туралы
Нұсқаулық**

1. Жалпы ереже

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - кеден ісі туралы Заң) 138 бабына сәйкес кеден баждары мен (немесе) салықтарын қамтамасыз ету нысандарының бірі Қазақстан Республикасы кеден органдарының депозитіне тиесілі сомаларды енгізу болып т а б ы л а д ы .

2. Кеден баждарын және (немесе) салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке сомалардың енгізілуі тауарлар мен көлік құралдарын жекелеген кеден режимдерінің шегінде жеткізу кезінде қолданылады.

Тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау кезінде кеден баждары мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке сомаларды енгізу кеден ісі туралы Заңның 165-бабына сәйкес қолданылады.

Кеден баждары мен (немесе) салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке сомаларды енгізу мынадай кеден режимдерінде қолданылады:

1) тауарлар транзиті, егер осы кеден режимінде ресімделуші тауарлар қатысында Қазақстан Республикасының заңдарымен бейтарифтік реттеу шараларын және (немесе) кеден ісі туралы Заңның 35-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағында еркін айналым үшін шығарылған кезде кеден баждары мен (немесе) салықтарды алу белгіленген болса;

2) кеден аумағынан тыс тауарларды ұқсату;

3) кеден аумағында тауарларды ұқсату;

4) акцизделетін тауарлар кері экспорты кеден ісі туралы Заңның 99-бабына сәйкес акцизделетін тауарлардың кері экспорты кезінде қолданылады;

5) тауарлардың экспорты кеден режимінде сомаларды депозитке енгізу кеден ісі туралы Заңның 96-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен тауарларды шығармау кезінде төлеуге жататын салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде қолданылады.

Кеден баждары мен (немесе) салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде

сомаларды депозитке енгізу осы Нұсқаулықта қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Кеден органының депозитіне ақшаларды енгізу тәртібі

3. Жеткізілетін тауарлар және осы Нұсқаулықтың 2-тармағында көрсетілген кеден режимдерінде ресімделген тауарлар қатысында, тауарлар транзиті кеден режимінен басқа, кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақшаларды енгізу ішкі кеден органының депозитіне жүргізіледі.

Транзиттік тауарлар қатысында кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақшаларды енгізу, егер өзгелер Кеден комитетімен рұқсат етілмеген болса, жөнелтуші кеден органының депозитіне жүргізіледі.

Бұл кездерде ішкі кеден органы ретінде қызмет аймағында тауарды қабылдаушы (жөнелтуші) немесе оның құрылымдық бөлімшесі орналасқан және осы тауарды кедендік ресімдеуді жүргізетін Қазақстан Республикасының кеден органын түсіну қажет.

4. Кеден органының валюталық шоты болмаған жағдайда кеден баждары және салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының депозитіне ақшаларды енгізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

5. Кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету үшін қажетті сомалардың көлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептеледі.

6. Жеткізілетін акцизделетін тауарлар қатысында кеден органының депозитіне ақшаларды енгізу ішкі кеден органының уақытша кеден мағлұмдамасын қабылдауына дейін немесе қабылдау сәтінде жүргізіледі.

Егер ІТҚ-да (ішкі транзит құжаты) көрсетілген қамтамасыз ету сомасы ішкі кеден органының депозитіне нақты енгізілген сомадан асқан жағдайда ішкі кеден органының депозитіне жетпейтін сомаларды нақты енгізуге дейін тауарлар ішкі кеден органына бағыттауға жатпайды, егер аталған сомалардың арасындағы айырма жөнелтуші кеден органы тауарларды жеткізу туралы шешім қабылдағанға дейін ЕВРО бағамының өзгеруінің нәтижесінде пайда болған жағдайдан басқа.

Осы Нұсқаулықтың 2-тармағында көрсетілген кеден режимдерінің шегінде тасымалданатын тауарлардың кеден органының депозитіне ақша енгізу кеден мағлұмдамасын қабылдауға дейін немесе тапсыру сәтінде жүргізіледі.

7. Кеден баждары мен салықтарын қамтамасыз ету ретінде депозитке енгізілген ақша өзге төлемдер бойынша есепке алуға жатпайды.

Әр түрлі кеден органдарында ресімделетін тауарлар бойынша төлемді қамтамасыз ету жеке төлем қағазымен енгізіледі.

8. Кеден органының депозитіне ақшаны аударуға төлем құжатының " Төлемді тағайындау" бағанында:

_____ саны
_____ (кеден режимін немесе жеткізу рәсімін көрсету)
199__ ж. "___" _____ өзара шарт/тар/ бойынша
_____ кеденнің/ кеден басқармасының өткізу пункті
_____ арқылы N _____ шот-фактура/лар/
бойынша" көрсетілуі тиіс.

Егер ақша кеден органының депозитіне үшінші тұлғамен енгізілетін болса, онда осы бағанда қандай тұлғаның мүддесіне ақша енгізілетіні қосымша көрсетілуі тиіс.

9. Жеткізілетін тауарлар қатысында төлем құжатының көшірмесі уақытша кеден мағлұмдамасымен бір уақытта ішкі кеден органына тапсырылады.

3. Кеден органының депозитіне енгізілген ақшаға қожалық ету

10. Кеден органының депозитіне нақты ақша енгізген төлеуші немесе тұлға жеткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу толығымен біткенге дейін қожалық етуге құқысыз, Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды әкелуден бас тартқан жағдайдан басқа.

Ішкі кеден органына жеткізілген тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде енгізілген ақша белгіленген кеден режиміне сәйкес кеден төлемдері мен (немесе) салықтар айналдыруға жатады.

Бұл кезде ішкі кеден органына осы ақшаны кеден баждарына және (немесе) салықтарына айналдыру туралы төлеушінің 1 қосымшаға сәйкес жазбаша өтініші тапсырылады.

Өтініш болмаған жағдайда тауарлар таңдап алынған кеден режиміне сәйкес тек мемлекеттік бюджетке жүктің кедендік мағлұмдамасы (бұдан әрі - КЖМ) бойынша төлеуге жататын барлық кеден төлемдері мен салықтарын енгізгеннен кейін шығарылуы мүмкін.

Бұл кезде кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде енгізілген ақша сомаларын төлеушіге қайтару немесе осы ақшаны нақты енгізген тұлғаға оның жазбаша өтініші бойынша, тек мемлекеттік бюджетке КЖМ бойынша төлеуге жататын барлық кеден төлемдері мен салықтарын енгізгеннен кейін ғана жүргізіледі.

12. Егер кеден баждарын және салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының депозитіне енгізілген сома КЖМ бойынша есептелген сомадан кем болған жағдайда, кеден төлемдері мен салықтарының жетпейтін сомалары мемлекеттік бюджетке КЖМ-сын қабылдағанға дейін немесе қабылдаумен бір

у а қ ы т т а

т ө л е н е д і .

Кеден төлемдері мен салықтарының жетіспейтін сомаларын төлемеген кезде жеткізілген тауарлар шығаруға жатпайды.

13. Егер кеден баждарын және салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының депозитіне енгізілген сома КЖМ бойынша есептелген сомадан жоғары болған жағдайда ішкі кеден органы төлеушінің жазбаша өтініші артық енгізілген ақшаларды төлеушінің шотына немесе оның 2 қосымшаға сәйкес жазбаша өтініші бойынша белгіленген тәртіпте осы ақшаны нақты енгізген тұлғаның шотына қайтаруды жүргізеді немесе болашақ қамтамасыз ету немесе болашақ кеден төлемдері мен салықтарының шотына есептеуді жүргізеді.

14. Белгіленген мерзімде тауарларды ішкі кеден органына жеткізбеген жағдайда кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының депозитіне енгізілген ақша жеті күнтізбелік күн барысында республикалық бюджет кірісіне аударылады.

Республикалық бюджет кірісіне аударылған ақша қайтаруға жатпайды.

15. Егер тұлға кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақша енгізілген тауарлар қатысында Қазақстан Республикасының кеден аумағына енгізуден бас тартқан жағдайда ішкі кеден органы төлеушінің 3 қосымшаға сәйкес жазбаша өтініші аталған ақшаны қайтаруды жүргізеді немесе болашақ кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету есептеуді жүргізеді немесе оның жазбаша өтініші бойынша осы ақшаны нақты енгізген тұлғаға қайтаруды жүргізеді.

16. Қамтамасыз ету сомаларын депозитте сақтау уақытына пайыз есептелмейді. Аталған сомаларды индекстеу жүргізілмейді.

Кеден баждары мен салықтарды
төлеуді қамтамасыз ету сомаларын
депозитке енгізу және оларды қайтару
тәртібі туралы Нұсқаулыққа

1 қосымша

Кеден басқармасының
(кеденнің) бастығына

Өтініш

(ұйымның толық атауы, МҰЖК (ОКПО) коды, мекен-жайы)
_____ кеден басқармасының
(кеденнің) кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз
ету ретінде төленген ақшаны 199 ____ ж. " ____ " _____ N _____ КЖМ

бойынша ресімделген тауарлар қатысында төленген кеден төлемдері мен салықтарына аударуды сұрайды:

- Барлығы _____ - /сomasы/ ,

_____ - с о н ы ң і ш і н д е :

- кедендік ресімдеу үшін кеден алымдары - /сomasы/;

- импорттық кеден бажы _____ - /сomasы/;

- акциз _____ - /сomasы/;

- НДС _____ - /сomasы/.

Ұйымның басшысы _____ /аты-жөні/
(қолы)

М.О. _____ Бас бухгалтер _____ /аты-жөні/
(қолы)

" _____ " _____ 199 _____ ж.

Кеден баждары мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын депозитке енгізу және оларды қайтару тәртібі туралы Нұсқаулыққа

2 қосымша

Кеден басқармасының
(кеденнің) бастығына

Өтініш

199 _____ ж. " _____ " _____ N _____ төлем құжаты бойынша кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету мақсатында кеден органының шотына енгізілген ақшаның бөлігін мынадай кеден төлемдері мен салықтарына айналдыруға байланысты:

- Барлығы _____ - /сomasы/ ,

_____ - с о н ы ң і ш і н д е :

- кедендік ресімдеу үшін кеден алымдары - /сomasы/;

- импорттық кеден бажы _____ - /сomasы/;

- акциз _____ - /сomasы/;

- НДС

- /с о м а с ы /.

_____ кеден басқармасында
(кеден органының атауы)
(кеденде ресімделген 199__ ж."__"____ N____
КЖМ бойынша _____
(ұйымның толық атауы, МҰКЖ коды, мекен-жайы)

_____ көлемінде артық енгізілген ақшаны N____
_____ шотқа

(ш о т н ө м і р і)

(қажетсізін сызу қажет)

Ұйымның басшысы _____ /аты-жөні/
(қолы)
М.О. Бас бухгалтер _____ /аты-жөні/
(қолы)
199 ж. "____" _____

Кеден баждары мен салықтарды
төлеуді қамтамасыз ету сомаларын
депозитке енгізу және оларды қайтару
тәртібі туралы Нұсқаулыққа

3 қосымша

Кеден басқармасының
(кеденнің) бастығына

Өтініш

(ұйымның толық атауы, МҰЖК коды, мекен-жайы)

байланысты _____

кайтарудың/ есептеудің себебін көрсету қажет

(қажетсізін сызу қажет)

_____ мөлшерінде 199__ ж. "____"
N _____ төлем құжатымен кеден органының шотына N____
_____ кеден баждары мен салықтарды

(кеден органы шотының нөмірі)
төлеу ретінде _____ уақытша /транзиттік/
(банктің атауы, МФО)
кеден аумағынан тыс ұқсату режимінде ресімделген _____

_____ тауарларды
(қажетсізін сызу қажет)
экспортты немесе реэкспорты N _____
_____ 199 ж. " ____ " _____

(ұйымның банктік реквизиттері) _____

_____ Ұйымның басшысы _____ /аты-жөні/
М . О . _____ (қ о л ы)

Бас бухгалтер _____ /аты-жөні/
(қолы)
199 ____ ж " ____ " _____